

<p>Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД</p> <p>КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО</p>	
<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан</p>	
<p>Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Кармакшинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Кызылординской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"</p>	

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение**
№ N.03.X.KZ14VWF00101756
Дата: 27.06.2023 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Bal -Айұт-2» бөбекжай бақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 16.06.2023 12:23:18 № KZ70RYS00403795**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **"Bal-Айұт2" бөбекжай-бақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Кармақшы ауданы, Жосалы кенті .Е.Қойшыбаев көшесі №2**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Білім беру

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

Мектепке дейінгі білім беру

4. Жобалар, материал дарезірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **Жоқ**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Bal -Айұт-2» бөбекжай бақшасы директоры Б.Ахметова. 16.06.2023 жылғы KZ70RYS00403795 өтініші, Зертханалық аспаптық өлшемдер ҚР ДСМ ҚРДСК «ҰСО» ШЖК Қызылорда облысы бойынша филиалының Кармақшы аудандық бөлімшесімен жүргізілген, Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу №1324/252 09.06.23, хаттамасы, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу № 1325/266 09.06.23 ж хаттамалары, Метеорологиялық факторларды өлшеу №22 08.06.23 жылғы хаттамасы, Жарықты өлшеу №20 08.06.23 жылғы хаттамасы, Электрромагниттік өрісті өлшеу №11 08.06.2023 жылғы хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **Жоқ**



7. Басқа ұйым дардын сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) **Жоқ**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «Bal -Aium-2» бөбекжай бақшасы Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қойшыбаев көшесі №2 мекен жайда орналасқан. МДҰ-ны жеке тұрған бір қабатты ғимаратта, жеке үй иеліктерінде салынған үй-жайларда орналастырылған. Ғимаратты Жолмырзаева Гулжазира Нұрмашқызынан 08.02.2021 жылдан 01.01.2026 жылдарға жалға алу келісім шарты жасалған. Бала бақша аумағы қоршауы бар және үй-жайларында олармен функционалдық жағынан байланысы жоқ объектілерді орналастырылмаған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдар асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылған, іргелес аумақ таза. Тығыз жабылатын қақпақтармен жабықталған 2 қоқыс жинағыштар қойылған. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін «Жосалы кенті әкімінің аппараты мекемесімен №58 18.07.2022 жылы 1 жыл мерзімге келісім шарт жасалған. «Bal -Aium-2» бөбекжай бақшасы 2 жастан- 5 жас аралығындағы үш топқа балалар қабылдау қарастырылған. Объектілердің аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделген, алаңдарының көлемдері балалардың санына қарай бір орынға кемінде 4 шаршы метр (бұдан әрі - м²) қарастырылған. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған кемінде 20 м² көлеңке қалқа көзделген. Ойын алаңдарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан жасалған. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан жасалған. Балабақшада ғимаратта және учаскеде әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан және бір-бірінен топтық оқшаулау сақталған. Қосалқы үй-жайлар көзделген, жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайлар- оқшауланған, балаларға арналған киініп шешіну бөлмесі, жатын бөлме, ойын бөлмелері қарастырылған. Барлығы 57 бала қабылдау қарастырылған. 1-ші топ- 22 бала -75,3 м², 2-ші топта-20 бала - 59,3 м², 3-ші топта -15 бала-36,6 м² қарастырылған. Қабылдау және шешінетін бөлмесінің жалпы ауданы- 21,6 м², санитариялық бөлме- 15,7 м², кір жуу бөлмесі-12,1 м², ас пісіру, асхана біріктірілген-13,44 м², медициналық кабинет бөлмесі -21,8 м². Объектіде медициналық қызмет ұйымдастырылған. Мамандандырылған үй-жайлар (музыка, спорт залдары) балалармен сабақ өткізу үшін, барлық немесе бірнеше жас топтарының кезекпен пайдалануы қарастырылған. Ілеспе үй-жайлар (ас дайындау, қойма үй жалары, медициналық, кір жуатын орын) және персоналға арналған қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар бөлек ғимаратта орналастырылған. Жалпы киім шешетін бөлме, ойын, жатын бөлмесі, буфет-тарату орны, дәретхана қарастырылған. Бөлек ғимаратта медициналық үй-жайлар және изолятор көзделген. Изолятордың өтпелі болмауы қарастырылған, олардың арасында 1,2 м биіктікте әйнектелген қалқа құрылғысын орнату арқылы медициналық кабинетпен көрші орналастырылған. Жеке гигиена бөлмесі, персоналға арналған санитариялық тораптарды әкімшілік үй-жайлар аймағында орналастырылған. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну орындар) қабырғаларын кемінде 1,5 м биіктікте, себезгі бөлмелерінде кемінде 1,8 м биіктікте тақтаймен немесе жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін басқа да материалдармен қапталған. Барлық үй-жайлардағы едендердің бетіне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін синтетикалық полимерлі материалдар, жылы линолеум төсеуген. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары көзделген. Объектіде орталықтандырылған ауыз су, су бұру, жылумен жабықтау жарамды жағдайда көзделген. Ыстық су үшін арнайы су ысытқыш 2 -дана 50 литрлік аристон кодырғылары қойылған. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастыру қарастырылған. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндерге, шәйнектерге) өлшеп-құйылған және бөтелкедегі су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келуі қатаң сақталған. Қайнатылған ауыз су үшін ыдыстары жеткілікті. Су ішу үшін таза ыдысты (шыны, фаянс ыдыс немесе бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар немесе бір рет қолданылатын ыдысты жинау үшін контейнерлер бөлінген. Ыстық және суық су барлық ванналарға, себезгі бөлмелеріне, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжұғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған. Кәрізделмеген және ішінара кәрізделген жерлерде орналастырған жағдайда жергілікті кәріз құрылғысы (шұңқырлар, септиктер) көзделген. Сарқынды суды қабылдауды гидравликалық бекітпесі (сифон) бар қақпақпен жабықталған, объекті аумағының



шаруашылық аймағында орналастырылған, уақтылы тазартылып отыратын жерасты су өткізбейтін жалпы немесе бөлек сыйымдылық 1 дана 9 куб қойылған. Персоналға арналған САҚ жер үсті үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры қойылған, САҚ жинауды дезинфекциялық құралдарын қолдана жүргізілген. САҚ қазылған шұңқыры тазартылған. Жылумен жабдықтау автономды газ пеш арқылы барлық радиаторларға беріледі, бөлек ғимаратта пеш орнатылған. Бала бақша аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған. Барлық үй-жайларында табиғи жарықтандыру көзделген. Істен шыққан шамдар ауыстырылады. Жарамсыз, құрамында сынап бар (жарық диодты, люминесцентті, энергия үнемдегіш) шамдар балалардың қолы жетпейтін жеке үй-жайда сақталады. Істен шыққан құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағышқа тастауға жол берілмеген. Істен шыққан құрамында сынап бар шамдарды сақтау және шығару объекті басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктеу қарастырылған. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделген, Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары көзделген. Ғимаратта күрделі жөндеу жүргізілген. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары және қорғаныш құлыптары орнатылған. Балаларға арналған унитаздар, жуынатын раковиналар, қол жууға арналған құралдары бар иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін немесе аспалы ілгіштер, шаруашылық шкафтары және ағызу жүйесі орнатылған. Барлығы 6 унитаз, 6 қол жуғыш қойылған. Түбектерге арнайы орын қарастырылған. Таза түбектер дәретханаларда, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталған. Түбектерді сулауға арналған сыйымдылықтар таңбаланған. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланған және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақтану залы, топтық үй-жайлар) бекітіледі, арнайы бөлінген үй-жайларда (орындарда) сақталған. Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы бар. Жәндіктердің, кенелердің, басқа да буын аяқтылар мен кеміргіштер болған жоқ. ҚР ДСМ ҚРДСК «ҰСО» ШЖҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесімен №1520 22.06.23 жылғы келісім шарты бар.

Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Объектілерде ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтарды жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған. Ойыншықтарды жууға арналған сыйымдылықты, шүберек пен жөкемен қамтамасыз етілген. Жатын бөлмелерін жеке стационарлық кереуеттермен жабдықталған. Жас ерекшеліктеріне қарай балаларды қабылдау барысында (2 жастағы) топтардағы жатын үй-жайлары жататын жердің өзгермелі биіктігі еденнен 30 см және 50 см деңгейінде және қоршаудың еденнен биіктігі 95 см болатын төрт жағынан биіктігі 120 см, ені 60 см қоршауы бар манеждермен немесе стационарлық кереуеттермен жабдықталады. 3 - 6 жастағы балалар үшін - ұзындығы 140 см, ені 60 см, биіктігі 30 см. Бүйір жақ қоршауының биіктігін кемінде 15 см-ге азайту мүмкіндігі көзделген. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жиынтығының болуы қарастырылған. Тамақ дайындау орыны, қойма, персонал киініп шешіну орыны қарастырылған. Бала бақша ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделген, шикі және дайын өнімнің, шикі жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмейді. Тоңазытқыш жабдығымен жабдықталған. Асхана ыдыстарын жууға арналған жуу ваннасы бар араластырғыштар арқылы суық және ыстық су келтірілген. Қол жууға арналған раковинамен (қол жуғышпен), жууға, қолды сүртуге және (немесе) кептіруге арналған құрылғылармен жарақталған. Ыдыстарды қолмен жууға арналған стационарлық тамақтану объектілерінде асхана ыдыстарына арналған үш секциялы, шыны ыдыстар мен асхана аспаптарына арналған екі секциялы ванналар жабдықталған. Желдету жүйелерін ылғал, жылу және газ бөлу көздері болып табылатын жабдық пен жуу ванналарының үстіндегі жергілікті сору жүйелерінің жабдығы орнатылған. Өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес таңбаланған жеке бөлшектеу мүкәммалы (бөлшектеу тақтайлары, пышақтар) жеткілікті. Бөлшектеу мүкәммалын сақтау бөлек арнайы бөлінген орында сақталған. Ыдыс санымен асхана, шай, шыны ыдыспен және асхана аспаптарымен жеткілікті қамтамасыз етілген. Кептіретін арнайы сөрелермен шкафтары жеткілікті. Зертханалық аспаптық өлшемдер ҚР ДСМ ҚРДСК «ҰСО» ШЖҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесімен өндірістік бақылау ұйымдастыру үшін №610 22.02.2023 жылы келісім шарт жасалған. Персоналдар үшін қол жуу үшін ыстық және салқын су келтірілген, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар орнатылған, қызмет көрсететін персонал (тәрбиешілердің көмекшілері, техникалық персонал), ас блогының жұмыскерлері кемінде 2 жиынтығы бар арнайы киіммен (костюм немесе халат, орамал, қалпақ, алжапқыш), ауыстыратын аяқкиіммен қамтамасыз етілген. Барлығы 24 қызметкер, жеке медициналық кітапшалары бар. Объектілерде балаларға медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілген. Медициналық кабинеттің жабдықталуы осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкестендірілген. Медициналық кабинет арнайы бір бөлмемен жабдықталған. Медициналық қызметкерден 1 медбике бөлінген. Медициналық қажетті құралжабдықтардан: жазу үстелі-1,



орындықтар-2, кушетка-1, кеңсе шкафы-1, керме -1, әйнек қақпағы бар медициналық үстел-1, тоназытқыш-1, тонометр-1, фонендоскоп-1, бактерицидті шам-1, медициналық таразы-1, бой өлшегіш-1, вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер-1, үстелге қоятын шам-1, медициналық термометр-100, қайшы-2, қол жуатын роквина-1, педальді қақпағы бар шелек-1, вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс-2, медициналық халаттар-2, қалпақтар-2, бір рет қолданатын ақ жайма, бір рет қолданатын сүлгілер, жинауға арналған қоңыр түсті халат-1, бір рет қолданатын маскалар-100, жинау құрал-жабдықтары, дезинфекциялық құралдары-деохлор-600 таблетка, кішкентай және үлкен бикстен 1 данадан, резеңке бұрау-4, 2,0, 5,0, 10,0 инелері бар шприцтер-25, пинцет-1, резеңке жылытқы-1, мұзға арналған ыдыс-1, бүйрек тәрізді науа-5, металл қалақша-50, қолға арналған шиналар-5, кілемше -1, сантиметрлік лента-1, көздің көргіштігін анықтауға арналған кесте-1 данадан және дозаторлы сұйық сабынмен жабдықталған.

Зертханалық аспаптық өлшемдер ҚР ДСМ ҚРДСК «ҰСО» ШЖҚ Қызылорда обылысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесімен жүргізілген, Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу №1324/252 09.06.23, хаттамасы, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу № 1325/266 09.06.23ж хаттамалары, Метеорологиялық факторларды өлшеу №22 08.06.23жылғы хаттамасы, Жарықты өлшеу №20 08.06.23жылғы хаттамасы, Электромагниттік өрісті өлшеу №11 08.06.2023жылғы хаттамаларында сәйкессіздік анықталған жоқ .

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сүмен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света.)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Зертханалық аспаптық өлшемдер ҚР ДСМ ҚРДСК «ҰСО» ШЖҚ Қызылорда обылысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесімен жүргізілген. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу №1324/252 09.06.23, хаттамасы, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу № 1325/266 09.06.23ж хаттамалары, Метеорологиялық факторларды өлшеу №22 08.06.23жылғы хаттамасы, Жарықты өлшеу №20 08.06.23жылғы хаттамасы, Электромагниттік өрісті өлшеу №11 08.06.2023 жылғы хаттамаларында сәйкессіздік анықталған жоқ .

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)



ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Val -Аіут-2» бөбекжай бақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шідедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары талаптарына

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай **сай (соответствует)**

Ұсыныстар (Предложения):

Жоқ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қармақшы аудандық санитариялық -эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Қармақшы ауданы, көшесі Қорқыт Ата, № 64 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Кармакшинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля



Қызылординской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Кармакшинский район, улица Коркыт Ата, дом № 64

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Қобылашқызы Перизат

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

